

## АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

20 қыркүйек 2023 жыл

№8

Атырау қаласы

### **Атырау облысы бойынша 2022 - 2023 жылға жылу беру маусымының қорытындылары, орын алған кемшіліктерді жою бағытында атқарылған жұмыстары туралы және 2023 - 2024 жылға жылу беру маусымына дайындық шаралары туралы**

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі отырысында «Атырау облысы бойынша 2022 - 2023 жылға жылу беру маусымының қорытындылары, орын алған кемшіліктерді жою бағытында атқарылған жұмыстары туралы және 2023 - 2024 жылға жылу беру маусымына дайындық шаралары туралы» облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы А.Кенжебековтың баяндамасын тыңдап, талқылап облыстық қоғамдық кеңесі **ҚАРАП ҚАБЫЛДАДЫ:**

**1. Облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы (А.Кенжебеков), Атырау қаласы әкімімен (Ш.Кейкін) бірлесе отырып:**

1) Атырау Жылу Электр Орталығының негізгі және қосалқы қондырғыларын салқындату мұнарасы құрылысының мәселесін шешу;

2) Атырау Жылу Электр Орталығының №7, №10 турбоагрегаттарының күрделі жөндеу жұмыстарының жоспарланған мерзімде аяқталуын қамтамасыз ету;

3) Атырау қаласының оң жағалау бөлігінің жылу жүктемелерінің ұлғаюына байланысты орталық көпір астындағы магистралдық жылу желілерінің өткізу қабілетін ұлғайту ұсынылсын.

**2. Жылыой ауданы әкіміне (Ж.Қаражанов):**

1) Құлсары қаласының жылу беру маусымына дайындығын қамтамасыз ету жұмыстарын шұғыл аяқтау;

2) Құлсары қаласындағы жылу қазандары резервтік электр генераторларының дайындығына бақылау жасау;

3) Құлсары қаласы, А.Бисембаев көшесінде орналасқан, тозығы жеткен кәріздік сорғы стансасын көшіру туралы нақты шешім қабылдау ұсынылсын.

**3. Индер ауданы әкіміне (Д.Шамұратов):**

1) Әлеуметтік және білім беру нысандарының резервтік электр генераторларымен толық қамтылуын жүзеге асыру;

2) Индербор кентінің көпқабатты үйлерін жылумен жүйелерінің және аудан тұрғындарын ауыз сумен қамту нысандарының қысқа дайындық жұмыстарын шұғыл аяқтау ұсынылсын.

**4. Исатай ауданы әкімі (П.Хасанов), Қызылқоға ауданы әкімі (Қ.Әзмұханов), Махамбет ауданы әкімі (Қ.Нұрлыбаев):**

- 1) Аудан елді мекендерінің жылу беру маусымына дайындығын қамтамасыз ету жұмыстарының шұғыл аяқтау;
- 2) Сұйық және қатты отынмен қамтамасыз ету жұмыстарын аяқтау;
- 3) Қысқы қар күреу техникаларының дайындығын қамтамасыз ету ұсынылсын.

**5. Құрманғазы ауданы әкіміне (А.Жанғалиев)**

- 1) Құрманғазы ауылдық округінде орталық жылу жүйелерінің жөндеу жұмыстарын шұғыл аяқтау;
- 2) Қиғаш және Дыңғызыл ауылдық округтерін ауыз сумен жүйелеріндегі жөндеу жұмыстарын шұғыл аяқтау
- 3) Жылу беру маусымына дайындық аясында мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталмаған нысандар бойынша нақты шешім қабылдау ұсынылсын.

**6. Мақат ауданы әкіміне (Р.Ибрагимов):**

- 1) Әлеуметтік нысандарының жылу беру маусымына және тұрғындарды ауыз сумен қамту жүйелерінің қысқа дайындығына қатысты нақты шаралар қабылдау;
- 2) Білім беру нысандарында ыстық сумен қамтуды жылу қазандары арқылы табиғи газ пайдалана отырып жүргізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

**7. Облыс әкімінің орынбасары Қ.Нұртаевқа:**

- 1) Қыс мезгілінде табиғи газбен, түтінмен улану, электр жүйелеріндегі ақаудың салдарынан өрт оқиғаларының алдын алу мақсатында облыс тұрғындарына жылыту құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуына қатысты түсіндіру, насихаттау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру;
- 2) Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарына қатысты мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жыл басынан жүргізілуін жолға қою;
- 3) Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау және есептік мерзімге дейін кеңес хатшылығына ақпарат жолдау ұсынылсын.

Төраға



М.Ізбасов